

2 "A" сыныбының 2023-2024 оку жылындағы тәрбие жұмыстарының есебі

Сыныбымда жыл басында барлығы 23 оқушы, оның ішінде 13-үл, 10-қыз бала болды. Біз 2"A" сыныбы 2-ауысымда оқимыз.

Сынып оқушылар арасындағы қарым-қатынас жақсы қалыптасқан. Биылғы жылы келіп қосылған оқушылар басқа балалармен бірден тіл табысып, татуласып, достасып кетті.

Сынып өте ұйымшыл, тапсырылған іске үлкен жауапкершілікпен қарап, тиянакты орындауға тырысады. Әр апта соңында сынып сағаттары өткізіліп отырды.

Жыл басында тәрбие сағатымыз білім күнінен басталды. Тақырып: "Мектеп – мейірім мекені". Мақсаты: оқушылар мектептен білім алғы қана қоймай, өмір сүру заңдылықтарын ұғынады, адами құндылықтарды сініреді, алтын ұяның балалық шақтан болашаққа қадам бастыртар тәрбие мекені, мейірім ортасы екенін түсінеді.

Ұлттық мұдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу

Ар-ұят: әдел нормаларын ұстану

Талап: дұрыс қарым-қатынасты орната білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу.

Сынып сағатында оқушыларды төрт топқа бөліп, әр топ Отанымыз туралы акпараттармен бөлісіп, әр түрлі тапсырмалар орындалды. Оқушылар қағазға өз ойларын сурет түрінде түсірді. Еліміз, жеріміз туралы тақпактар айтып, әкелеріміз бен аталарымыз сияқты Отанды қадірлеуге, сүюге, қорғауға тиісті екенімізді айтып сабакты аяқтадық.

Жалпымектептік спорттық іс-шарага жаппай сыннып болып қатыстық.
«Тілім менің ғасырларға аманат» атты сыннып сағаты 8 қыркүйек күні өткіздік.
(А.Байтұрсынов туган күніне арналған «Тіл тазалығы»)

Ұлттық мұдде: Салауатты өмір салтын ұстану

Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу

15 қыркүйек «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты сыннып сағаты өтті. Бұл сабакқа оқушылар суреттер салып, жол ережелер белгілері туралы айтып берді.

22 қыркүйек ««Денсаулық және дұрыс тамақтану»» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушылар қазіргі кездегі тамақ түрлерінің пайдасы мен зияны туралы әнгімеледі.

29 қыркүйек күні оқушылармен бірге «Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты сыннып сағатын өткіздік.

6 қазан «Бір отбасы – бір кітап» атты сыннып сағатында оқушылар мектебіміздің кітапханасына барып, кітаптармен танысып, жазылып, өздеріне оқуға кітаптар алды.

20 қазан «Мемлекеттік рәміздерді қадірлеймін» атты сынып сағатында еліміздің рәміздері, олардың авторлары, президентіміз, Ата Заңымыз жайлы әңгімелестік. Қазақстанның көркеюі, оған әр оқушының ат салысу керектігі жайында әңгіме қозғалды

«15 қараша – Ұлттық валюта күні» атты сынып сабагымызда өте қызықты өтті.

Мақсатымыз ұлттық валюта теңгеміз жайында ақпараттар беру, оқушылар білгендерін ортаға салып, әңгімеледі. Оқушылар белсенді қатысты.

17 қараша күні өткен «Әкеге-ізет, анаға – құрмет» сынып сағатында оқушылар өз отбастары туралы әңгімеледі.

«Әлемді бағындырыған жерлесіміз» атты сынып сағатында Ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев» тақырыбына сынып сағаты өтті. Мектебімізге оның аты берілуі, әрі жерлесіміз, тарихта ерлігімен аты шыққан батыр туралы ақпараттар айтылды.

«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық»

Оқушылар Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу және Қазақстан мұддесіне қызмет етуге ұмтылу қажеттігін айтЫП, еліміздің осы уақытқа дейінгі жеткен жетістіктері туралы айтЫП өтті.

Тоқсан аяғындағы аптада Жаңа Жылды қарсы алуға үлкен дайындықпен келдік. Мақсаты, оқушыларға жаңа жыл мерекесі туралы тереңірек түсінік беру.

Бұл іс-шарында оқушылар әр-түрлі бейне-кейіпкерлер киімдерін киіп жаңа жылға арналған өлеңдерін оқып, би биледі. Сынып іс-шараларға белсенді қызыға қатысты.

Сыныпта ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар комитетін сайлау, алдағы атқарылатын жұмыс туралы ұсыныс, оқушы формасы, оқулықтың ұсталуы жайында айтЫЛДЫ. Алдағы уақыттарда сынып оқушыларын мұражайға, табиғатқа серуенге апару жоспарланды. Күзгі, қысқы демалыс кезінде балам үшін өзім жауап беремін атты қолхат алынды.

Сыныбымыз бірегей ұлттық киім кио күніне ата-аналар көмегімен түгел сыныпқа біргелкі жилеметкалар тіктіртті.

Корыта келгенде 2 "А" сынып оқушылары алдағы уақытта жақсы білімдері және тәртілтерімен, мектеп іс-шараларына белсене араласып, бұдан да жақсы кнәтижелер көрсетеріне сенімдімін.

Сынып жетекшісі:  Естекбаева Ж. Т.